

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастыруышылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

терминология, тілдің қолданысы мен түрлі мәселелеріне арналған мақалалары бар. Сондай мақаласының бірі «Әліббе мен жазу ережелері туралы» – «Еңбекші қазак» газетінде (1926 жылғы 18 қыркүйек) Мадияр бүркеншік есімімен жарияланды. Онда Д. Орынборда еткен қазақ білімпаздар съезі қаулысының орындалмай жатқанына аландаушылық білдіреді. Өкімет қаулысы заң жолымен бекіген қолдауға міндетті қаулы деп түсініп, жаңа жазу ережелерін қолданып, қаулыны толық жүзеге асыру қажеттігіне баса назар аударады. Қазақ халық ағарту институтында еңбек еткен жылдары оқу орындарына арналған оқулықтар жазады («Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына», 9 рет, 1914, 1928; «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын», 8 рет басылған, 1920; «Кирагат кітабы» 1924.). Д. оқу құралдарындағы қарапайым арифметикалық ұғымдарды білдіретін терминдердің көпшілігі күні бүгінге дейін тұрақты қолданылып, математика тілінен берік орын алды.

**Дұдемал естілетін дыбыстар** – айттылуында ұқастық, үйлестік бар дыбыстардың жаңындағы басқа дыбыстардың әсерімен құңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі құңгейлеп, біріне-бірі үйлес болған сон бірінің орнына бірін алмастыратын дыбыстар. Мыс., *қымыз аиши, су кешие, киім пішие, құс үиша, құлтын қашша*.

**Дүнген жазуы** – син-тибет тілдік семьясына жататын дүнген тілінің жазуы. Д.ж. өз тарихында бірнеше рет графика ауыстырған және реформалар жасалған. Хуэйцзу мұсылмандары 1927-1928 жылдары қытай жазуын араб графикасында жазуга арналған сяоэрцзин жүйесі аясында Д.ж. араб әліпбіне ауыстыруға әрекет жасады. Д.ж. 1928-1953 жылдары латын әліпбіндегі болды. 1953 жылдан бастап қазіргі кирил әліпбіндегі.

**Дыбыс** – сөйлеу мүшелері арқылы айттылатын, көрінбейтін, естілетін үн. А.Байтұрынұлы жазылған сөзге қатысты «харіф» (әріп) сөзі, айттылған сөзге қатысты «дыбыс» сөзі қолданылатынын ескерте келіп, дыбысты «естілстін, көрінбейтін нәрсе» деп сипаттайты. Ғалым дыбыстарды дауысты, дауыссыз, жарты дауысты (орта дыбыс) деп жіктеген.

**Дыбыс жазу** – тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Д.ж. дүниежүзілік мәдениеттің дамуы үшін манызы зор болды. Жазу жүйелерінің ішіндегі әріп жазуы – ен қолайлы жазу. Қай тілде болмасын буын саны мен сөз санынан дыбыс саны әлдеқайда аз. Сол себепті тіл дыбыстарын таңбалашу үшін, 20-дан 40-ка дейінгі таңба саны жеткілікті. Әріп жазуындағы таңбалардың шағын мөлшері жазуды тез менгеруді, сауаттылыққа үйретуді женілдетеді. Д.ж. буын жазуынан кейін шықты. Д.ж. екі түрі болған. Бірі – консонантты Д.ж., ол б.з.д. 2000 жылдықтың 2-жартысында пайда болған. Оған ертедегі финикий жазуы, ежелгі еврей жазуы, арамей жазуы т.б. жатады. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды белгілеп, негізінен семит тілдерінде қолданылған. Екіншісі – вокалды Д.ж. Ол б.з. 1 мыңжылдығының бас кезінде пайда болған Д.ж. б.з.д. 1 мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында тарала бастаган. Шығыста финикий жазуынан шыққан арамей жазуы негізінде Азия халықтарының әріп жазулары